

**А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті 8D02301-
Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының докторанты
Испандиярова Айнур Төлюгеновнаның «Қазақ халық лирикасының
лингвофольклортанулық аспектісі» атты докторлық диссертациясына**

ПІКІР

Лингвофольклортану – фольклор тілін зерттеумен еншілес бағыт. Тек зерттеу әдісінде тілдік айғақтан фольклор кеңістігіне шығу жолымен ерекшеленеді. Сондықтан алғаш рет қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектіде зерттелуі ғылыми жұмыстың өзектілігін айқындайды. Зерттеу жұмысында концепт ұғымы кешенді құрылым деп танылып, оның қазақ халық лирикасы мәтініндегі лингвомәдениеттанымдық, психоллингвистикалық, лингвокогнитивтік ерекшеліктері көрсетілді.

Бірінші бөлімде қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық сипаты қарастырылған. Аталмыш бөлімде кара өлеңді, тарихи жырларды лингвофольклорлық тұрғыдан аша отырып, келесі тақырыптарға талдау жасалған:

“Қара”, “Өлең” сөздерінің этимологиясы

Кара өлең түрлері

Кара өлеңнің жанрлық ерекшеліктері.

Жұмыста кара және өлең деген сөздердің этимологиясы қазақ халқының ұлттық дүниетанымы негізінде талданған. «Қара» сөзінің ескі, “көне” және “қасиетті” өлең деген ұғымдарды білдіретіні анықталған. Зерттеуші “Қара өлең” дегеніміз – ескі, қасиетті өлең деген мағынаны білдіреді деген қорытынды жасаған. Сондай-ақ кара өлең мәтінінің тақырыптық- стильдік ерекшеліктері анықталған.

Зерттеу жұмысында фольклорлық шығармадағы көріктеуіш құралдар («метафора, теңеу, эпитет, гипербола т.б.) халық лирикасының ерекшеліктері мен көркемдік қабатын айқындауға қызмет еткендігі анықталған.

Екінші бөлімде зерттеуші қазақ халық лирикасындағы өмір, өлең, бақыт, дала, махаббат концептілері алынып, оларға талдау жасалған. Қазақ халқының ұлттық менталитеті мен ұлттық танымын көрсететін концептілер сәтті талданып, жинақталған. Мәтін тіліне жасалған концептілік талдау халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігіндегі өмір, өлең, бақыт, дала, махаббат, жамандық пен жақсылық ұғымдарының көрінісін айқындап беруге қызмет еткеніне дәлелдер келтірілген. «Өмір» концептісінің мағынасын ашатын фреймдер: «өмір - шолақ», «өмір – жастық шақ», «өмір – судағы балық», «өмір – кең сарай», «өмір - бұлақ», «өмір – қуғанменен жеткізбейді», «өмір – шекер дүние», «өмір - жалған», «өмір - арман», «өмір – түпсіз дария», «өмір – бір қисық жол».

Өлең концептісінің мағынасын ашатын келесі фреймдер жинақталған: өлең – жел сөз, өлең – өнер, өлең – қызыл тіл, өлең – ой т.б.

Жамандық пен жақсылық концептілерінің мағынасын ашатын келесі фреймдер жинақталған: Жаман дос, жаманға күн түссе, жақсының жаманнан айырмасы, жаманның пайдасы жоқ шөкім шайлық, жақсымен дос, адам күні адаммен, жамандау, жаманнан жақсы шықпас.

Дала концептісінің мағынасын ашатын келесі фреймдер жинақталған: Дала кетті, қу дала, елсіз жер, ту көтерген ел, «ауыл- біздің ауыл», «ауыл-ақ үй», «ауыл – ата дәулет», «ауыл – туған жер», «ауыл – күзеген жер», «ауыл – гүл бәйшешек оранған жер» т.б.

Бақыт концептісінің мағынасын ашатын келесі фреймдер жинақталды: бақыт – сәттілік; бақыт – қысқа мерзімді категория; бақыт – тағдыр; бақыт кілті – еңбекте; бақыт оты жанды; бақыт-мұрат т.б.

Зерттеу жұмысында талданған фреймнің, ойсурет, схемалық және сценарийлік құрылымдардың мән-мағынасы мәтіннен алынған мысалдар арқылы түсіндірілген. Мәтін тіліне жасалған концептілік талдау халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігін айқындап беруге қызмет еткеніне дәлелдермен нақтылап отырған.

Зерттеу жұмысты жазу барысында зерттеу әдісіне назар аударылған. Әдеби шолу, салыстырмалы талдау, сипаттама, концептілік талдау, жинақтау және оны түсіндіру, тікелей, бақылау, аналитикалық әдістері қолданылған. Жұмыстың теориялық нәтижесін когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, мәтінтану сияқты курстарда пайдалануға болады. Сондай-ақ стилистика және тіл мәдениеті, көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәндері бойынша өтетін тәжірибелік сабақтарда көмекші материал ретінде қолдануға болады.

Испандиярова Айнур Тюлюгеновнаның «Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісі» тақырыбындағы PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін арналған диссертациясын аяқталған, тиісті нәтижелер алынған зерттеу деп санаймын. Жұмысты қорғауға ұсынуға болады.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы



Жакупов Ж.А.

